

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1749 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 24 шілдедегі N 1167

Акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Акцизделетін тауарларды жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен міндетті түрде таңбалауды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1749 қаулысына P961749_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 53, 5181-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

2-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1997 жылғы 1 қазаннан бастап 1-қосымшаға сәйкес темекі өнімдерін және 2-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарларды";

5-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Акциз ставкаларындағы елеулі айырмашылықты ескере отырып, шараптар мен күшейтілген сусындарға арналған жеке акциздік таңбалар жасау көзделсін".

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары